

**Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 наурыздағы № 16/186 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 наурызда № 3555 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 наурыздағы № 2/18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 29.03.2021 № 2/18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2779 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 шілдедегі № 52-53 "Қарақия " газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

3 тармақтың 15) тармақшасы алынып тасталсын;

11 тармақ келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Әлеуметтік көмек онкологиялық ауруымен ауыратын және иммун тапшылығын жұқтырған адамдарға өтініштері бойынша табыстарын есепке

алмай жылына бір рет 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш және мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымынан шыққан адамдарға өтініштері бойынша табыстарын есепке алмай тоқсан сайын 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.";

17 тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысының (бұдан әрі- Қаулы) 1 қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;"

18, 18-1, 20 тармақтар алынып тасталсын;

22 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"22. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қаулының 2, 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауыл, ауылдық округ әкімі өтініш берушілердің құжаттарын учаскелік комиссияның қорытындысымен қоса, олар қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға береді.";

26 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"26. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.";

27 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"27. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте жиынтық табыс Қазақстан Республикасын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5757 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Ережесіне сәйкес есептеледі.

Осы Қағиданың 23 және 24 тармақтарында көрсетілген жағдайда, уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

28, 30 тармақтар алынып тасталсын;

32 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"32. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

4) қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдар туралы мәліметтердің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан келіп түсуі;

5) жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтіп кетуі;

6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ұсынатын хабарсыз кеткен, іздеуде жүрген адамдар фактісінің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықталуы;

7) қамқоршылықтан (қорғаншылықтан) босатылған және шеттетілген адамдар туралы мәліметтердің түсуі.";

33 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"33. Әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстарды қаржыландыру "Жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша, ағымдағы қаржылық жылда Қарақия ауданының бюджетімен қарастырылған құралдар шегінде жүзеге асады.

Әлеуметтік көмекті төлеуді әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмекті беретін уәкілетті ұйым арқылы жүзеге асырады.";

34, 35, 36, 37, 38, 39 және 40 тармақтар алынып тасталсын.

2. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Р.Ибраева) осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Қ.Көшенов*

*А.Мееров*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарақия аудандық жұмыспен қамту,  
әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық  
хал актілерін тіркеу бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Сәрсенғали Маркс Тайырұлы

7 наурыз 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК